



САРҚАН

Ауданның қоғамдық-саяси апталық газеті

Газет 1933 жылғы мамырдан шығады • www.sarkan-gazeta.kz • e-mail: Igiman01@mail.ru • №22 (9576) 31 мамыр 2024 ж.



ЖӘННАТЫ - ЖЕТИСУ» атауы аясында өткен аудандар мен қалалар арасындағы мәдениет күндерінің байқауында бас жүлдені иеленгендігін мақтанышпен атап өтіп, мәдениет майталмандарына мықты денсаулық, отбасыларына бақ-береке, жаңа бастамаларына сәттілік, биік шығармашылық табыстар мен жоғары жетістіктер тіледі.

Сондай-ақ аудан әкімінің орынбасары Алмас Байғонысов бірқатар сала қызметкерлерін марапаттап, мерейлерін есірді. «Адамзаттың өмірінен әдебиетті алып тастаса сықырлаған қару мен сыңырлаған тиындар ғана қалады» дейді орыс жаушысы Андрей Битов. Адамның дүниетанымына, сеніміне, адамгершілік – моральдық қасиеттердің қалыптасуына, эстетикалық сезімдерінің тұрақтылығына, алдына қойған мақсатының айқындала түсуіне игілікті әсер етіп, рухани ләззатқа бөлейтін өнерді адамзат құдіретті күш, адамның жан серігі, рухани байлығы деп бағалаған. Бұл ән бұрынғы әннен өзгереді демекші, көзі қарақты көрермендер бұл жолғы мерекелік концерттің өзгеше сипатпен өрілгендігін байқады. Салтанатта әсіресе ауылдық мәдениет үйлерінің өнерпаз ұжымдары бөлсенділік танытып, ескі әрі есті әуендермен көпшіліктің көңіл пернесін дөп басты. Домбыра шанағынан төгілген ән мен күй халқымыздың мәдениет деген асылы ешқашан тозбайтын, тотықпайтындығын, көнермейтіндігін тағы бір мәрте паш етті.

Мәдениет мерейі тасыды

Жылда 21-ші мамыр күні мәдениет және өнер қызметкерлері кәсіби мерекелерін атап өтеді. Сан мыңдаған жылдық тамырлы тарихы бар жасампаз ұлтымыздың бай мәдени мұрасы мен руханиятының дамуына үлес қосып келе жатқан азаматтарды дәріптеп, абыройларын асқақтататын мерейлі мереке ауданымызда "Өнер құдіреті - мәңгілік!" атты салтанатты шара аясында өрбіді.

Аудандық мәдениет үйінің фойесінде ұйымдастырылған өнер және қолөнер шеберлерінің туындылары шара мазмұнын байыта түсті. Салтанаттың ресми бөлімінде сала қызметкерлерін кәсіби мерекелерімен аудан әкімінің орынбасары Алмас Байғонысов құттықтады.

Құрметті мәдениет саласының қызметкерлері, қадірлі жерлестер! Баршаңызды 21 мамыр-мәдениет және өнер қызметкерлерінің кәсіби мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Адамзаттың ұрпақтан ұрпаққа қалдырар ұлы мұрасы

– мәдениеті мен өнері екені баршаға аян. «Өнер - ұлттың жаны» дейді халық даналығы. Кез келген ел өнерімен, мәдениетімен танылып, бағаланатыны анық. Бүгінгі таңда мәдениет саласының қызметкерлері - айналасын думанға бөлей білетін сан қырлы талант иесі және рухани жан дүниесі бай азаматтар, - деген Алмас Ажарханұлы киелі Сарқан өңірі біртуар азаматтардан кенде еместігін, әлемге әйгілі сазгер Мұқан Төлебаев бастаған айрықша дарынды тұлғаларды әрдайым мақтан ететіндігімізді атап өтті. Тау



тұлғалар салған сара жолды қазіргі таңда лайықты жалғаған азаматтардың атын атап, түсін түстеген Алмас Ажарханұлы аталмыш өнер иелерінің ерен еңбегінің арқасында өткен жыл қорытындысында ауданымыз Жетісу облысының «ЖЕР

атындағы Сарқан аудандық мәдениет үйінің ұжымы қорытындылады. "Ән көңілдің ажары" дегендей аталмыш шара көрерменнің көңілін ажарландырса, мәдениет саласының қызметкерлерінің мерейін тасытты.

Партия ЖЕҢІСХАН.

1 маусым - Дүниежүзілік балаларды қорғау күні

Жуырда Сарқан ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы «Салық – бала көзімен» және «Сыбайлас жемқорлықпен күрес – бала көзімен» атаулары аясында сурет байқауын ұйымдастырды. Мақсат балаларды ел қазынасын толықтырушы мекеменің жұмысымен жете таныстыру, қоғам кеселі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, құқықтық сауаттылықтарын арттырып, талантты балаларға қолдау көрсету.

Байқауға қаламыздағы білім ордасының және Балалар шығармашылық орталығының 6-16 жас аралығындағы 93 үміткер қатысты. Арнайы жасақталған байқау комиссиясы жұмыстарды жас ерекшелігіне қарай 6 - 12 және 12 - 16 жас аралығындағы екі топқа бөліп, жоғарыда аталған тақырыптарды жаңашыл, өзгеше көзқараспен бейнелей білген ең үздіктерді іріктеді.

Салық – бала көзімен




Үздіктерді салтанатты жиын аясында Сарқан ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы Арман Утбаев марапаттап, Алғыс хат пен бағалы сыйлықтар табыс етті. «AMANAT» партиясы Сарқан

аудандық филиалының төрағасы Асхат Құдабаев шығармашылық жұмыстарды бағалау кезінде үздіктерді таңдау қиын болғандығын жеткізіп, жылы лебізін білдірді. Іс-шара соңында оқушылар мемлекеттік

кірістер басқармасының ғимаратын аралап, тыныс-тіршілігімен танысты.

Өз тілшіміз.



• ҚР Мәслихаттарының құрылғанына – 30 жыл

Қызметіміз – ел игілігіне

Өтпелі кезеңде өмір сүрдік. Тәуелсіздік алғаннан кейін мемлекеттің саяси көзқарасындағы жаңа толқынды танытқан жергілікті өкілетті билік органдары – мәслихаттар құрылды. Депутаттар жиналысы деген, мәслихат деген атау аудандық кеңеске үйреніп қалған біздің құлағымызға тосын естілгені анық. 1994 жылдың 7-наурызында облыстық, қалалық, аудандық мәслихат депутаттары сайлау үшін округтер құрылып, алғашқы депутаттар сайланды. Бөрлітөбе ауданында мәслихат хатшысы болып менің қызметтегі ұстазым Болатхан Ахметов сайланған болатын. Араға 1 жыл салып ол кісі зейнет демалысына шығатын болды да сол орынға аудан әкімі Біржан Ерденос мені ұсынды.

Алғашында сәл тосырқап қалғаныммен өмір қажеттілігін өтейтін барлық саланың жетістік-кемшіліктерін саралап, ел рухын көтеруге өзіндік үлес қоса білдік. Сайлаушыларымыздың алдында парызымызды адал атқарып, қиын кезеңде елдің алдына ұялмай шығатынбыз.

Баршаға белгілі, жергілікті өкілді органдардың бірінші шақырылым депутаттары жұмыс жасаған уақыт етектен тартар қиындықтары көп тоқырау кезеңі болатын. Біздің Бөрлітөбе өңірінде іргелі өндіріс орны Лепсі металл бұйымдар зауыты экономикалық дағдарысқа ұшырап, жұмысын тоқтатты. Лепсі элеваторының да қолбайлаулары көп, мемлекет алдындағы қарыздары ісін ілгерілетпеді. Теміржол саласынан да бұрынғыдай жүйелі түсіп тұратын салық азайды, поездар саны қысқарды. Қаржының жетіспеушілігіне байланы-

сты білім, денсаулық сақтау, мәдениет нысандарының жұмысында алға бастырмайтын кедергілер көп болды. Жалпы алғанда халық тіршілігінің ауырлап тұрған шағы еді. Аудандық мәслихаттың сол кездегі басты міндеті – аудан бюджетіндегі онсыз да көлемі шектеулі қаржының мейлінше тиімді және мақсатты пайдаланылуын қамтамасыз ету, халықтың әлеуметтік жағдайының одан әрі төмендеуіне жол бермеу, жергілікті жерлерде орын алып отырған проблемаларды қолдан келгенше шешіп отыру болды.

Мемлекет басшысының «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысын оңтайлы етудегі шаралар туралы» Жарлығымен 1997 жылғы наурыз айында Талдықорған облысының бірқатар қысқарған аудандарының құрамында Бөрлітөбе ауданы болды. Аудандық мәслихат өз өкілеттілігі шеңберінде Бөрлітөбе ауданының елді мекендерін Сарқан, Ақсу, Қаратал аудандарына қосу жөніндегі ауыртпалығы мол жұмысқа атсалысты. Таратылған ауданымыздың Лепсі, Қарашыған, Көкжиде, Көктерек ауылдық округтері Сарқан ауданына қосылды.

Қазақстан халқының өзін-өзі басқару жүйесінің дамуы барысында жаңадан құрылған мемлекеттік басқарудағы атқарушы органдар ел арасында қолдау тапты. Басқару саласындағы алғашқы жетістіктерге қол жеткізілді. Қоғамда халықтың мұң-мұқтажын, талаптарын басқарушы мекемелерге жеткізетін халық арасынан сайланған аудандық мәслихат депутаттары атқарушы органдармен атсалыса үкімет алға қойған жоспарлар-

ды іске асыруға бел шеше кірісті. Сарқан ауданында Қазақстан Республикасының арнайы қабылданған заңдарына сүйене отырып ауданның барлық елді мекендерінен депутаттыққа кандидаттар ұсынылды. Бастапқыда аудандық мәслихат – депутаттар жиналысы деп аталған бұл мемлекеттік ұйым кейіннен аудандық мәслихат деген тұрақты атауға ие болды.

Депутаттық жолым Сарқан ауданында да жалғасын тапты. 2016 жылы 20 наурызда Қазақстан Республикасы Парламенті мәжілісі мен мәслихаттарының депутаттары сайланды. Осы сайлауда ел сенімін иеленіп, депутат болып, кезінде Бөрлітөбеде жинақталған іс-тәжірибелерімді пайдалануға мүмкіндік туды. Келесі сайлауда партиялық тізіммен депутаттар сапында болып, халықтың мұң-мұқтажын орындауға, ел игілігін еселеуге екі шақырылымда бірдей тамшыдай болса да өз үлесімді қосқанымды көңілге медеу тұтамын. Себебі әлі күнге дейін билікке жеткізгісі келген арыз-арманын қарапайым тұрғындар алдымен бізге айтып, ақылдасып отырады. Депутат болған жылдарында зәулім құрылыстардың бой көтеруін, әлеуметтік нысандардың сапалы әрі мерзімінде пайдалануға берілуін басты мақсат тұтқанымыз, жол күйін жақсартуға үлес қосып, жол са-

пасын бақылауда ұстағанымыз бүгінгі жас толқынға үлгі болса игі. Жылдар тасасында ұмытылмай еңбегіміз еленіп, ҚР Мәслихаттарының 20 жылдығы, 25 жылдығы құрметіне мерейтойлық ме-



дальмен марапатталғанымыз өткеннің өнегесінің ұмыт қалмайтындығының айғағы.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан бергі жылдары мәслихаттар жергілікті өзін өзі басқаруда және барлық сайлау науқандарында негізгі рөлге ие болды. Өткен кезеңде еліміздің саяси және экономикалық бағыттарында оң өзгерістер болғандығын көрмеу мүмкін емес. Бұл табыстарда жергілікті өкілетті органдар өкілдерінің сүбелі үлесі бар. Сайлаушылардың сеніміне ие болып, депутаттық қызметін атқарған әріптестерімнің барлығы да еліміздің ілгері қадам басуына игі ықпалдарын тигізді. Әрбір адамның тұрмысын жақсартқан үстіне жақсарту түсуді басты ұстаным етіп, кемшіліктерге тәзбеу, жетістіктерді жеткізу елдің сөзін сөйлейтін азаматтардың басты мұраты болып табылады.

Жомарт ИГИМАН,
Сарқан ауданының
Құрметті азаматы.

Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі: 2024 жылдың 5 (бес) айында көрсетілген мемлекеттік қызметтер

Бөлімде мемлекеттік қызметтің 15 түрі электронды түрде көрсетіледі. Олар төмендегідей мемлекеттік қызмет түрлері: 1. Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек; 2. Жергілікті өкілетті органдардың шешімдері бойынша төленетін біржолғы төлемақылар; 3. Тұрғын үй көмегі; 4. Мүгедектерге протездік-ортопедиялық көмек ұсыну үшін құжаттарды ресімдеу; 5. Мүгедектерді сурдо-тифлотехникалық және міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету; 6. Мүгедектерді санаторий-курорттық емдеумен қамтамасыз ету; 7. Жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшінің және есту кемістігі бар мүгедектерге ымдау тілі маманының қызметтерін ұсыну үшін мүгедектерге құжаттарды ресімдеу; 8. Мүгедек балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу; 9. Үйде күтім көрсету жағдайында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету; 10. Медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуге құжаттарын ресімдеу; 11. Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды тіркеу, біржолғы мемлекеттік ақшалай өтемақы төлеу, куәлік беру; 12. Мүгедектерге кресло-арбалар беру; 13. Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына бюджет қаражаты есебінен коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау көрсету; 14. Ақталғаны жөнінде куәлік беру; 15. «Еңбек иммигранттарына рұқсат беру және ұзарту»

Жыл басынан тәуелсіз көрсетілген қызметтер көрсетілді, атап айтқанда: - «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек» - 285 отбасы, 1675 азамат; - Жергілікті өкілетті органдардың шешімдері бойын-

ша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына - 84; - «Мүгедек балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеуге» - 2; - «Тұрғын үй көмегі» - 0; - Мүгедектерге протездік-ортопедиялық көмек ұсыну - 41; - Жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшінің және есту кемістігі бар мүгедектерге ымдау тілі маманының қызметтерін ұсыну үшін мүгедектерге құжаттарды ресімдеу - 26; - Мүгедектерді сурдо - тифлотехникалық және міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету - 78; - Үйде күтім көрсету жағдайында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуге құжаттар ресімдеу - 187; - Медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге құжаттарды ресімдеу - 6; - Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды тіркеу, біржолғы мемлекеттік ақшалай өтемақы төлеу, куәлік беру» - 5; - «Мүгедектерді санаторий-курорттық емдеумен қамтамасыз ету» - 108; - «Мүгедектерге кресло-арбалар беру» - 6; - «Еңбек иммигранттарына рұқсат беру және ұзартуға» - 159 азамат.

Осы аталған мемлекеттік қызметтер бойынша жұмыстар жалғасын табуда.

Бөлім орналасқан ғимаратта мемлекеттік қызмет алушыларға арналған өзін-өзіне қызмет көрсету бұрышы ашылған, мүгедектігі бар азаматтар үшін брайль тақтайшалары ілінген, бағыттаушы тактильді жолақтар, шақырту қоңырауы жұмыс істейді.

Жоғарыда аталған мемлекеттік қызметтер тегін көрсетіледі.

Көрсетілген уақыт кезеңінде бөлімде мерзімі бұзылған мемлекеттік қызмет жоқ.

**Сарқан ауданы әкімі аппаратының
қызметтер мониторингі және
ақпараттық технологиялар бөлімшесі.**

Инвестиционный портфель пенсионных активов под управлением НБРК

Основные направления инвестирования пенсионных активов НБРК, сформированных за счет ОПВ, ОППВ, ДПВ, на 1 апреля 2024 года выглядят следующим образом: государственные ценные бумаги Министерства финансов РК – 46,69%, облигации квазигосударственных компаний – 9,72%, облигации банков второго уровня Республики Казахстан – 4,25%, депозиты НБРК – 2,41%, государственные ценные бумаги иностранных государств – 2,22%, МФО – 2,06%, акции и депозитарные расписки эмитентов РК – 1,98%.

Инвестиционный портфель в разрезе валют, в которые номинированы финансовые инструменты, приобретенные за счет ОПВ, ОППВ, ДПВ, по состоянию на 1 апреля 2024 г. выглядит так: инвестиции в национальной валюте – 66,81%, в долларах США – 33,16% портфеля пенсионных активов.

Из анализа структуры полученного дохода следует, что доходы в виде вознаграждения по ценным бумагам, в том числе по размещенным вкладам и операциям «обратное РЕПО» и от рыночной переоценки ценных бумаг, составили 452,88 млрд тенге, по активам, находящимся во внешнем управлении – 183,17 млрд тенге. Переоценка иностранной валюты была отрицательной и составила 53,29 млрд тенге. Прочие убытки составили 1,45 млрд тенге.

За счет диверсификации инвестиционного портфеля пенсионных активов по инструментам, отраслям и валютам общий доход за январь-март 2024 г. является положительным.

В результате инвестиционной деятельности, а также вследствие волатильности курсов иностранных валют и изменения рыночной стоимости финансовых инструментов, размер начисленного инвестиционного дохода за 3 месяца 2024 года составил 581,31 млрд тенге.

Доходность пенсионных активов ЕНПФ, распределенная на счета вкладчиков (получателей) по состоянию на 01.04.2024 г. с начала года составила 3,15%.

Направления инвестирования ОПВР на 1 апреля 2024 года выглядят следующим образом: государственные ценные бумаги Министерства финансов РК – 74,50%, операции РЕПО – 18,13%, депозиты НБРК – 6,14%, денежные средства на инвестиционных счетах – 1,23%.

Инвестиционный портфель за счет ОПВР включает только финансовые инструменты, номинированные в национальной валюте.

Размер начисленного инвестиционного дохода по ОПВР по состоянию на 1 апреля с начала 2024 г. составил 333,62 млн тенге. Доходность ОПВР составила 1,37%.

Напомним, что в средне и долгосрочной перспективе обеспечивается положительная реальная (превышающая накопленную инфляцию) доходность пенсионных накоплений.

Подробная структура инвестиционного портфеля финансовых инструментов под управлением НБРК с указанием эмитентов и обзор инвестиционной деятельности размещены на официальном сайте ЕНПФ. Также на сайте enpf.kz размещена информация о структуре портфеля по пенсионным активам, сформированном за счет ОПВР.

МЕЙІРІМ. РЕАБИЛИТАЦИЯ В РАМКАХ ОСМС

Реабилитация – еще одно и очень важное преимущество системы ОСМС. С внедрением системы у каждого пациента после острых состояний, травм, хирургических вмешательств, при состояниях, которые ограничивают его жизнедеятельность появилась возможность бесплатно получить несколько этапов восстановительных лечений в рамках ОСМС.

Вот уже второй год в городе Талдыкорган функционирует реабилитационный центр «Мейірім». За этот короткий период высококвалифицированные специалисты и современное оборудование центра помогли встать на ноги и вернуть привычный образ жизни сотням людям не только с области Жетісу но и близлежащих регионов.

Одной из них является жительница города Алматы – Гульжан Мухамадиева.

Поступив в центр обездвиженной после сложной операции на позвоночник, за две недели усилиями врачей смогла встать на ноги и вернула навыки самообслуживания.

«Я перенесла сложную операцию по удалению опухоли на позвоночнике шейного отдела. Опухоль сдавила нервы, что привело меня к парализации. Я полностью была обездвижена. Прошла много лечения. У меня не работали руки, ноги, даже не могла перевернуться лежа. В таком состоянии меня приняли в этом реабилитационном центре «Мейірім». Специалисты здесь помогли мне прийти в себя, сейчас я могу двигать руками, ногами. С помощью инструкторов делаю первые шаги», - поделилась пациент.

Таких результатов Гульжан Мухамадиева добилась всего за две недели. По словам врача дальнейшие методы лечения будут нацелены на полное восстановление двигательной активности, социально-бытовых навыков и повышение качества

самообслуживания.

«В ходе реабилитации пациентов при тетрапарезе мы используем методы для уменьшения гипертонуса мышц, боли корешкового характера. Это физиотерапевтические процедуры, массаж конечностей и пояснично-крестцового отдела позвоночника, разработка мышц с помощью кинезотерапии и других оборудований мирового стандарта. Все лечение проводится в рамках ОСМС, по направлению из поликлиники», - рассказал врач невролог-реабилитолог Айбек Абдильдинов.

Филиал по области Жетісу
НАО «Фонд социального
медицинского
страхования».



Жетісу облысы кәсіпкерлерінің назарына!

Дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларды (ірі кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда) әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізіліміне қосуға құжаттарды қабылдау

Ұйымдастырушы: «Жетісу облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы» ММ. **Орналасқан жері:** Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр к-сі, 26, 1 қабат. **Байланыс телефоны:** 8 (7282) 32-93-92, 87472100700.

Өтінімдерді қабылдау нысанасы: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2023 жылғы 17 шілдедегі №140 бұйрығымен бекітілген Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімін жүргізу қағидаларына сәйкес дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларды (ірі кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда) әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізіліміне енгізу.

Өтінімдерді беру орны: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр к-сі, 26, 1 қабат, 108 кабинет. **Құжаттамаларды ұсыну мерзімі:** 2024 жылдың «1» маусымнан бастап 2024 жылдың «15» маусымға дейін. **Өтінім берудің басталу күні:** 2024 жылдың «1» маусым. **Өтінім берудің аяқталу күні:** 2024 жылдың «15» маусым.

Көрсетілген мерзім өткеннен кейін келіп түскен өтінімдер қабылданбайтынын ескертеміз. Кәсіпкер құжаттар топтамасын толық ұсынбаған не анық емес деректерді немесе қағидалардың талаптарында белгіленген нысандарға сәйкес келмейтін құжаттарды ұсынған жағдайда ұйымдастырушы ұсынылған құжаттарды кәсіпкерге қайтарады.

Әлеуметтік кәсіпкерлік тізіліміне келесі санатқа жататын кәсіпкерлер енгізуге үміткер бола алады:

1 санат – халықтың әлеуметтік осал топтарын жұмыспен қамтуға ықпал ететін әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері; - мүгедектігі бар адамдар; - мүгедектігі бар бала тәрбиелеп отырған ата-аналар және басқа да заңды өкілдер; - зейнеткерлер және зейнеталды жастағы азаматтар (жасына байланысты зейнетақы төлемдеріне құқық беретін жасқа келгенге дейін бес жыл бойы); - балалар ауылдарының тәрбиеленушілері және балалар үйлерінің, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мектеп-интернаттардың тұлғалары – жиырма тоғыз жасқа дейін; - қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінен жазасын өтеуден босатылған адамдар – босатылғаннан кейін он екі ай ішінде; - белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдар; - аз қамтылған, көпбалалы немесе толық емес отбасыларға жататын ата-аналар және басқа да заңды өкілдер, сондай-ақ "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен наградталған көпбалалы аналар; - наркологиялық науқастарды медициналық-әлеуметтік оңалтудан немесе психикаға белсенді әсер ететін заттарға тәуелділікті емдеуден өткен адамдар – оңалту немесе емдеу жүргізілгеннен кейін он екі ай ішінде; - қандастар.

2 санат – бірінші санаттағы халықтың әлеуметтік осал топтарының тауарларын сатуға, жұмыстарды орындауға, қызметтер көрсетуге ықпал ететін әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері;

3 санат – тауарларды өндіру, жұмыстарды орындау, бірінші санаттағы халықтың әлеуметтік осал топтарына қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері; - әлеуметтік-тұрмыстық қызметтер; - азаматтарды құту, сауықтыру, денсаулық жағдайын бақылау бойынша әлеуметтік-медициналық қызметтер; - әлеуметтік ортаға бейімделу үшін психологиялық жағдайды түзету бойынша әлеуметтік-медициналық қызметтер; - мінез-құлықтағы ауытқулардың алдын алу бойынша әлеуметтік-медициналық қызметтер; - жұмысқа орналасуға және еңбекке бейімделуге жәрдемдесу жөніндегі қызметтер; - коммуникацияны арттыру, оңалту, әлеуметтік қызметтер. бейімдеу, әлеуметтік сүйемелдеу бойынша қызметтер; - медициналық техниканы, протездерді, ортопедиялық құралдарды өндіру, аурулардың алдын алу, мүгедектерді оңалту үшін ғана пайдаланылатын денсаулық сақтау саласындағы БҚ әзірлеу - мүгедектер мен зейнеткерлердің демалысы мен сауығуын ұйымдастыру - қосымша білім берудің білім беру бағдарламалары - мүгедектер мен халықтың мобильділігі төмен топтары үшін инфрақұрылым объектілеріне жағдай жасау және оларға қол жеткізу

4 санат – келесі қызмет түрлерінде жұмысты жүзеге асыратын Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері: - отбасын нығайтуға, ана мен баланы қолдауға бағытталған психологиялық-педагогикалық және өзге де қызметтер; - мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің, ТЖКБ білім беру бағдарламаларын іске асыру; - мүмкіндігі шектеулі балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау, бал. және әлеуметтік оқуда, дамытуда және әлеуметтік бейімделуде қиындықтарға тап болған адамдарға көмектесу; - әлеуметтік оқыту. біліктілігін арттыруға бағытталған әлеуметтік КЕҰ қызметкерлері мен еріктілері; - мәдени-ағарту қызметі (Жеке мұражайлар, театрлар, кітапханалар, мұрағаттар, мектеп-студиялар, шығармашылық шеберханалар, ботаникалық және зоологиялық бақтар, мәдениет және халық шығармашылығы үйлері) - қоршаған ортаны қорғау; - халықтың әлеуметтік осал топтарына геронтологиялық және геронтологиялық көмек көрсету, денсаулық орталықтарын, СӨС бойынша іс-шараларды ұйымдастыру жөніндегі қызмет.

Конкурстық құжаттамамен Жетісу облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасының сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-industrial?lang=kk> сілтеме бойынша таныса аласыз.

Вниманию предпринимателей области Жетісу!

Прием документов на включение индивидуальных предпринимателей и юридических лиц (за исключением субъектов крупного предпринимательства) в реестр субъектов социального предпринимательства

Организатор: ГУ «Управление предпринимательства и индустриально-инновационного развития области Жетісу». **Местонахождение:** город Талдықорған, ул. Кабанбай батыра 26, 1 этаж. **Контактный телефон:** 8 (7282) 32-93-92, 87472100700.

Предмет приема заявок: Включение индивидуальных предпринимателей и юридических лиц (за исключением субъектов крупного предпринимательства) в реестр субъектов социального предпринимательства в соответствии с правилами ведения реестра субъектов социального предпринимательства, утвержденными приказом и. о. министра национальной экономики Республики Казахстан от 17 июля 2023 года №140.

Место подачи заявок для включения в реестр: г. Талдықорған, ул. Кабанбай батыра 26, 1 этаж, кабинет 108. **Сроки подачи заявок:** с «1» июня 2024 года по «15» июня 2024 года. **Дата начала подачи заявок:** «1» июня 2024 г. **Дата окончания подачи заявок:** «15» июня 2024 г.

Отмечаем, что заявки, поступившие по истечении указанного срока, прием не подлежат.

В реестр социального предпринимательства могут претендовать на включение предприниматели, относящиеся к следующей категории:

1 категория – Субъекты социального предпринимательства, способствующие занятости социально уязвимых слоев населения; - лица с инвалидностью; - родители и иные законные представители, воспитывающие ребенка с инвалидностью; - пенсионеры и граждане предпенсионного возраста (в течение пяти лет до наступления возраста, дающего право на пенсионные выплаты по возрасту); - воспитанники и выпускники организаций образования для детей сирот и детей, оставшихся без попечения родителей, в возрасте от шестнадцати до двадцати трех лет; - лица, освобожденные от отбывания наказания из учреждений уголовно-исполнительной (пенитенциарной) системы, – в течение двенадцати месяцев после освобождения; - лица без определенного места жительства; - родители и иные законные представители, относящиеся к малообеспеченным, многодетным или неполным семьям, а также многодетные матери, награжденные подвесками "Алтын алқа", "Күміс алқа" или получившие ранее звание "Мать-героиня", а также награжденные орденами "Материнская слава" I и II степени; - лица, прошедшие медико-социальную реабилитацию наркологических больных или лечение зависимости от психоактивных веществ, – в течение двенадцати месяцев после проведения реабилитации или лечения; - кандасы;

2 категория – Субъекты социального предпринимательства, способствующие реализации товаров, выполнению работ, предоставлению услуг социально уязвимых слоев населения из первой категории;

3 категория – Субъекты социального предпринимательства, осуществляющие деятельность по производству товаров, выполнению работ, предоставлению услуг предназначенных для социально уязвимых слоев населения из первой категории в соответствии со следующими видами деятельности: - по оказанию социально-бытовых услуг, направленных на поддержание жизнедеятельности в быту; - по оказанию социально-медицинских услуг, направленных на поддержание и сохранение здоровья путем организации ухода, оказания содействия в проведении оздоровительных мероприятий, систематического наблюдения для выявления изменения состояния здоровья граждан; - по оказанию социально-психологических услуг, предусматривающих оказание помощи в коррекции психологического состояния для адаптации в социальной среде; - по оказанию социально-педагогических услуг, направленных на профилактику отклонений в поведении; - по оказанию социально-трудовых услуг, направленных на оказание помощи в трудоустройстве и решении иных проблем, связанных с трудовой адаптацией; - по оказанию услуг, предусматривающих повышение коммуникативного потенциала, реабилитацию и социальную адаптацию, услуг по социальному сопровождению; - по производству и (или) реализации медицинской техники, протезно-ортопедических средств, программного обеспечения в области цифрового здравоохранения, а также технических средств, которые могут быть использованы исключительно для профилактики заболеваний, реабилитации лиц с инвалидностью, в том числе медицинской реабилитации детей с инвалидностью; - по организации отдыха и оздоровления лиц с инвалидностью и пенсионеров; - по реализации образовательных программ дополнительного образования; - по созданию условий для лиц с инвалидностью и маломобильных групп населения по обеспечению доступа к объектам социальной, транспортной и рекреационной инфраструктуры, использованию транспортных средств, оказанию универсальных услуг связи при предоставлении информации;

4 категория – Субъекты социального предпринимательства, осуществляющие работу в следующих видах деятельности: - по оказанию психолого-педагогических и иных услуг, направленных на укрепление семьи, обеспечение семейного воспитания детей и поддержку материнства и детства; - по организации отдыха и оздоровления детей; - по реализации общеобразовательных учебных программ дошкольного воспитания и обучения, начального, основного среднего, общего среднего образования, образовательных программ технического и профессионального образования; - по оказанию психолого-педагогической поддержки детям с ограниченными возможностями, медицинской и социальной помощи обучающимся и воспитанникам, испытывающим трудности в освоении учебных программ основного среднего и общего среднего образования, развития и социальной адаптации; - по обучению работников и добровольцев (волонтеров) социально ориентированных некоммерческих организаций, направленному на повышение качества предоставления услуг такими организациями; - культурно-просветительская (в том числе деятельность частных музеев, театров, библиотек, архивов, школ-студий, творческих мастерских, ботанических и зоологических садов, домов культуры, домов народного творчества); - по охране окружающей среды; - по оказанию социально уязвимым слоям населения, геронтологической и геронтологической помощи, организации центров здоровья и долголетия, мероприятий по ведению здорового образа жизни.

С конкурсной документацией вы можете ознакомиться на сайте управления предпринимательства и индустриально-инновационного развития области Жетісу по ссылке <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-industrial?lang=ru>.

Ескерткіш жобасы мақұлданды

Биылғы күзде, қыркүйектің 28-інде Жетісу облысындағы бауырларымыз бірлесіп, Төлегетай бабамызға ас бермекші. Осы іс-шара барысында Найман руының аңызға айналған ірі тұлғасы Ақсұлу анамызға ескерткіш орнату жоспарланған болатын.

Жексенбі күні Алматы қаласында бастамашыл топ бас қосып, болашақ ескерткіштің үш нұсқасы арасынан мүсінші Қазыбек Дулатовтың жобасын мақұлдады. Қолына бала көтеріп тұрған ана мүсіні аңызға айналған тұлға болмысын кеңінен ашатындығын абыз ақсақалдарымыз Аманғазы Шегіров, Ардақ Мауытқанұлы, Балтабек Рожаев және басқалар өз пікірлеріне арқау етті.



Баба қорына ақша аудару жалғасын табуда. Өткен аптада Лепсі ауылының тұрғыны Батырбек Жолдыбаев ортақ мақсатқа 30 000 теңге аударды.

Сарқан - Жаңақорған бағытына автобус жүреді

Дана халқымыз "Ас - аттынікі, той - тондынікі" дейді. Расында да Қызылорда облысының Жаңақорған ауданында баба рухына бағышталған асқа жету үшін алдын ала көлік қамдаған ләзім. Осыны ескерген "Қанатжан и Ко" ЖШС директоры Жәлел Сасанбаев асқа баруға ниет білдіргендер үшін жағдайлы автобус бөлінетінін хабарлады.

Асқа бағыт алған арнайы автобус сапарға қыркүйектің 26-сы күні шығады. Сарқаннан, Ақсу ауданынан, Талдықорған қаласынан үлкен мақсат бастарын біріктірген ағайындар осы сапарда Арыстанбаб әулиенің басына түнеп, Қожа-Ахмет Яссауи кесенесіне зиярат етіп, бабамыз мәңгі қоныс тапқан Жаңақорған кентінде ауқымды іс-шараның ортасында болады, асқа қатысып, ел көлеміндегі ағайындармен танысады.

Автобустың барып-келу шығыны бір адам үшін 22000 теңге. Сапарға ниет білдіргендердің аудандық автобекет кассасынан алдын ала билет алуына мүмкіндік бар.

Ортақ мақсат басымызды біріктірсін, ағайын!



Өз тілшіміз.

Жомарт ИГИМАН

Шежіре деректер негізінде, Найман атамыз екі әйел алыпты, Қырғауыл атты үлкен әйелінен - Ақсақал, Үйелеш, Күйелеш туыпты; Шүңірекей деген әйелінен Тоқпан атты бір ұл туыпты. Жаугершілік заманның кесірінен Найманның төрт ұлы бірдей қаза табады, Тоқпанның әйелі 18 жасар Ақсұлу (Әлпеш) жастай жесір қалады. Сол кезде Найман 83 жаста екен. Сол заманның әйгілі ірі тұлғаларының бірі Найман атаның ұрпақсыз кету қаупі ақылды жас ана Әлпештің арқасына аяздай батады. Ол өзін әмеңгерлікке аламын деп әлек салған Арғын балаларының мазалауынан құтылу үшін Арғын бабамыздың алдына қошқар жетектеп барыпты. Мұның мән-жайын түсінген Арғын бабаң : «Құр суға бата жүрмейді, құр аяққа неке жүрмейді» деуші еді, балам. Қошқарың қалсын, өз басыңа бостандық бердім», - деген екен. Осылайша бас еркіндігін алған данагөй әжеміз өз төркіні кіші жүз еліне барып, әке ықыласын алған соң сіңлісін атасына айтырып, келін ғып түсіріп әкеледі де, оны енді «Қыз ене» деп атап, өзі сіңлісіне келін болып, Найман атаның осы қыз-енеден көретін қызығының соңын күтіп, әмеңгерлік жолды соған беруге бел буады.

Халқымызда «Тілеу-анадан, тіреу-атадан», «Ата күшімен ер өседі, ана тілеуімен ел өседі» деген ғибратты сөздер бар ғой. Жаратушы сол бір ақылды ана тілегін қабыл көрген болар, Найман атаң 87 жасқа шыққан жылы бір шыр еткен көріп, өлгені тіріліп, өшкені қайта жанғандай болады.

«Менен қалған соңғы белгі осы шығар», -деп оның атын Белгібай қояды. Арада 18 жыл өтеді. Әлпеш ана 36 жасқа келеді. Сонымен 36 жасар Әлпеш ана 18 жасар Белгібайға некесін қидырады. Содан барып Сүйініш туады, Сүйініштен Төлегетай, Төлегетайдан Қытай би, Қытай биден Қаракерей, Матай, Садыр, Төртуыл тарайды. Тағы сол данышпан ана Әлпеш өз жасы ұлғайып қалғандықтан, өзінің және бір сіңлісін Белгібайға кішілікке қосады,

Ақсұлу (Әлпеш) анамыз

Тоғыз таңбалы Найман туралы толғау

одан Сүгірші, Өтеген деген ұлдар туады. Олардан Саржомарт, Балталы, Бағаналы, Көкжарлы, Бура деген бес ата тарайды. Қытай би жастай қаза тауып, онан туған Қаракерей, Матай, Садыр, Төртуыл-Төлегетай атаның бауырында өсіп, «төрт Төлегетай» атанады. Найман баба өз кіндігінен тараған осы тоғыз ұрпақты көзімен көріп, 138 жасқа шыққан жылы төсек тартып жатып қалған екен дейді.

Бабасын баласындай әлпештеп, ұялы терек, үйірлі ел дәрежесіне жеткізген аяулы келін екі дүниенің ортасында талығып жатқан атасының алдына келіп, иіліп сәлем бергенде, Найман ата басын бір көтеріп барып қайта сұлқ жатып сандырақтап кетіпті.

Мұқым ел анадай қадірлеп тұрған келін сонда атасының алдында былай егілген екен:

- Ата-еке, тай бесті дей ме?
Жан ескірмей ме?
Шыққан күн кеш кірмей ме?
Сыбырлағанды құдай естімей ме?
Мың жыл жасағанмен,
Жалған жарық дүние тәтті,
Алдасы келіп қалған ба?
Сандырағыңыз жаньма батты.
Жасымнан паналадым,
Әкемдей аяладым,
Құдайдан сұраған,
Қолдан құраған,
Ұрпағың өсті ормандай,
Ортайғаның толғандай.
Не бай- үміт пен арман бай,
Дүние, мал- сормандай,
Алты күн болды жатқаның,
Ақтық сусынның тат дәмін,
Артқа айтар өсиетіңіз бар ма,

Халқыңа үлгі болғандай?

Осыны айтып Әлпеш ана кер шарамен саумал ұсыныпты атасына. Сонда Найман атамыз басын көтеріп, шара толы қымызды қотара тартып:

-Бақытымды жандырған,
Сусынымды қандырған,

Ақ періштем –ай!-деп келініне деген ыстық ықыласын таңдайы жібіген соң барып тақпақпен жеткізіпті.

Найман атамыз дәу денелі, толағай тұлғалы, батыр мүсінді алып адам екен. Қақырығы қатып, қаңғырығы түтеп жатқан жан сусындаған соң, шөл өзегіне түсіп кетті ме, әлде айтар сөзінің ар жақ, бер жағын түйіндей алмай сенделіп отыр ма, ғасырдан артық жас жасап, кәрілік жеңіп, көңгіріп қалған қарт көзін жұмып үнсіз отырып кетіпті.

Бір қауым аяқыт күтіп, телміріп отырған келіннің шыдамын күдік тоздырса керек, еріксіз тіл қатыпты:

- Айналайын, Ататай-ай!

Өшіп кете жаздаған әулетіңнің өсуге бет алғанын көзіңмен көріп, болашағына көз жеткізгендей болып едің. Шынымен тілге келмей кетесің бе? Ұран ғып көтерер ұрпағың үшін сәтке болса да сілкінші? Ақырғы деміңізді Алладан сұрадым, -деп басындағы ақ кимешегін мойнына қарай сырғытып, бұл күнде қасабалы бәйбіше болған Әлпеш екі қолын аспанға жайып, сол тілегін ағыл-тегіл жырға қосып еңіреп жіберген екен.

Әлпештің ақ тілегі Аллаға жетті ме, әлде ой шыңырауында отырған қарттың түйіндеп айтар сөзі түгелімен тілінің ұшына қарай үйіріле қалды ма, Найман қарт кіртіген кірпіктерін найзаның ұшындай тіктеп, жарқабақтың астындағы

шыңырау құдықтың суындай, қос жанарына от беріп, көзін ашқан екен дейді:

Айналайын, ақ періштем – ай! Ақырғы сапардан аз да болса бөгедің – ау! Мен үлкен болып саған пана болғанда, сен жас болып даналық көрсетіп едің. Ақырғы лебізімді айтатын өзің, ұрпаққа жеткізуші де өзің бол,- деп аяғын әлсіз үнмен тақпақтай жөнеліпті:

-Үсік шалса гүл солмақ,
Дүние – гүл,
Мың солып, мың толмақ...
Толтыратын әйел, ортайтатын ер...
Ердің есері жау сағынады,
Жаушылықта ел шабылады.
Дүниенің ортайғаны емей немене?
Жөргекке түскен сәбидің
Жөргегін орап,
Қызыл шақа ұлды да, қызыл шақа
Қызды да бірін тұлпардай ғып

жаратып,
Бірін сұңқардай ғып тарантып,
Өсіретін кім еді?
Қызды ай теңеспес ару еткен,
Ұлды жалынды- жайсаң алып еткен.
Бірін- қалыңдық, бірін күйеу еткен,
Әйел емей немене?
Ортайған дүниені толтырған емей
немене?

Құс таранады, ел жаңарады,
Жер көктегенмен өспейді,
Адам қырылса да, құрып кетпейді,
Жайсаң мен жақсы тектіден туады,
Атаның ақ жолын қуады.
Тексіздің арты- лаң,
Олардан есті,
Жонды жортқан Көкжал мен Құлан,
Қайғыда киген қамқадан,
Сулыққа киер тон артық.
Қан ұрттаған ханыңнан,
Таққа отырған залымнан,
Малын баққан қара артық.
Берекесіз дүниеден,
Ажалға бастар жол артық.
Дәрия сарқылмас,
Сөз, шіркін, таусылмас...
Әттең...,- деп үні үзіліп, бойын созып, ажал құшағына кірген екен, қайран қария.

Осылайша о дүниеге аттанған Найман атамыздың артында тоғыз ұл қалып, кейін ол тоғыз таңбалы Найман атаңды.

• **Келбет**

**Жыл көшеді өмір жүгін теңдеген,
Бағзы кезден бақ-құттымыз елменен.
Жақсы адамның өсіретін мерейін,
Жақсы лебіз – жақсы сөзге кенде емен.**

**Алла тағала пендесіне онекі мүшені тең бергенімен,
ақыл, пайым, парасатты өздеріне қалдыратын
көрінеді. Сол себепті әркім өз түсінігінде, өз биігінде
ғұмыр кешеді. Күні ертең жетпіс жасы желкенін
керіп тұрған көңілінің терезесі түп-тұнық мерейгер
Базархан Жолдасқызы Алатаудай арманымен алға
қадам басқандар қатарында.**

Жыл көшеді өмір жүгін теңдеген



Алакөл ауданына қарасты Бұлақты ауылында дүниеге келіп, мектептен соң үздік оқуының нәтижесінде еңбек жолын Ұялы сегізжылдық мектебінде неміс тілі пәнінің мұғалімі болып бастап, бастапқыда техникумда, кейіннен жоғарғы оқу орнында бухгалтерлік мамандықты игеріп, өз мамандығын адал атқарған Базкең бүгін құрметті еңбек демалысында. Туған жері Алакөл болғанымен, қалыптасқан өңірі Сарқан ауданы. Осы жерде ынтымақты отбасының алтын діңгегіне айналды, осы жерде балалары дүниеге келді, осы жерде дос тапты, туыс тапты. Бір сөзбен айтқанда осы өңірде абырой асқарынан көрінді.

«Энергия» ұжымшарына бухгалтер болып қабылданады. Жолдасы Дәулет Алмағанбетов еңбек жолын мал дәрігерліктен бастап, кейіннен жоғары білім алып, осы шаруашылықта бас мал дәрігері болған білікті азамат. «Энергияда» 20 жыл үздіксіз бухгалтер қызметін атқарған Базархан аудан орталығына көшіп келген соң 1995-2014 жылдар аралығында Сарқандағы ауданаралық туберкулез ауруханасында бас есепші қызметінде болды. Зейнет демалысына осы мекемеден абыройлы шыққаны күні кеше ғана сияқты еді.

Расында да Базархан Жолдасқызы өзіне тән болмыс-бітімі арқылы дараланды. Салмақты сөздерімен кеңесуші тарапты ұйыта біледі. Шырқау үнімен ән бастағанда елең етпейтін тыңдаушы жоқ. Искерлігі мен табандылығы көптің көңілінен шығып, ел құрметіне бөленді. 2019 жылы Алматы облысына кеңінен тарайтын «Кәсіпкер» журналында Базархан Жолдасқызы Айнақұлованың өткені мен бүгінгі кеңінен қамтыған «Уақыт бағасы мен жетістік жолы» атты мақала жарияланды. Мақала авторы Ілескен Әлбатырұлы саликалы тірлік дүниесінде адал еңбегінің, ащы терінің өтеуін көріп, адал кәсіптің сауабын алып жүрген кейіпкеріміздің өмірдерегін журналдағы жарияланымға арқау етіпті.

«Өмірде өз орнын, өз салмағын білген адамның тәжі басында» дейді шығыс даналығы. Тағы да сол халқымыз «Ісі түзу төрге шығады» деп аталы сөз қалдырған. Айналасы ардақтайтын, сіңлілері ақылшы санайтын мерейгердің берекелі бүгінгі мені айт деп сұранып тұрады. Задында жақсы адамдар елдің ырысы болса, жақсы сөз жанның тынысы емес пе?

Жан-дүниеңіз жақын сірә өнерге,
Бағалаймыз келген жан деп кемелге.

Жаны сұлу жұлдыздарды жердегі,
Кім сенеді егделенді дегенге.
Ұл-қыз сүйдің қамын ойлап ертеңнің,
Өткірлігің – алмас жүзі семсердің,
Жігерлі боп жеткеніңіз жетпіске,
Ел айтады арқасы деп Дәукеңнің.

Жастайынан кітапты серік еткен Базархан Жолдасқызы әлі күнге дейін жаңа шығармаларды да назарынан тыс қалдырмайды. Прозаны да, поэзияны да саралап, таңдап, талғап оқиды. Шын мәнінде мамандығы өнерден алыс болғанымен Базкең туа бітті әнші. Репертуарында патриоттық, лирикалық әндер жетіп артылады. Сондықтан да ауданның мәдени шараларына Базкеңнің қатысуын қалап тұратын тыңдармандары аз емес.

Зейнетке шығып, отбасылық бизнесті қолға алғанда ері Дәулет Жәлелұлының қолдауына арқа сүйеп, қалаға кіре берістегі ғимаратты адам танымастай өзгерткенін ел біледі. «Айзере» қонақ үйі мен дәмханасы 40 жыл есепшоттың қыр-сырын меңгерген Базкеңнің тұсында келушілерден арылмады. Қаншама жоллаушы дәмді тағамы мен мәдениетті қызметтері үшін алғыстарын ақтарды. Қаншама адамды жұмыспен қамтып, олар нәсібін осы кәсіптен тапты.

Қазіргі таңда Дәулет пен Базархан Талдықорғанның тұрғыны. Дегенмен, бақытының базарына айналған Сарқаннан ат үзіп кеткісі келмейді. Ұрпағының қызық-қуанышына ортақтасатындар да, отбасылық достары да, туған-туыстары да осы жерде. Тұңғышы Махаббат пен Бауыржаннан, ұлы Ерлан мен Іңкәрден, кенжесі Дәурен мен Динарадан 8 немере көріп, тұңғыш немересінен шөбере сүйіп отырған ата мен әже өркендерін өсіріп отырған заманға риза, бастарындағы бақыттарын да бағалай біледі.

Өзгелерге ұқсап, кейде ұқсамай,
Қиял құсым қия-шыңға ұшқаны-ай.
Сізді әкелген жетпіс жасқа жетелеп,
Уақыт жүйткіп бара жатыр тоқтамай.

Келсе екен деп сексен,
тоқсан тұр аңдап,
Жақсы атын жақсы амалы шығармақ.
Амал қанша, ұстатпайтын түлкідей,
Өмір зулап бара жатыр бұлаңдап.

Өмірде бұл айқын, Базке, ізіңіз,
Бақ-ырыстың айдынында жүзіңіз.
Құтты болсын жылуы мол жетпіс жас,
Құтты болсын берекелі күзіңіз!

Жомарт ИГИМАН.

Алдан асу -белестер қол бұлғайды,
Уақыт деген бір орында тұрмайды.
Сізді, Базке, дүниеге әкелген,
Маусым айын ескермеуге болмайды.
Ол маусым айының 2-сінде дүние есігін ашыпты. Ата-анасы өмірі базарлы болсын деген ниетпен ерекше есім сыйлапты. 1974 жылы анасы Мағрипаның ақ батасын алып, сарқандық жас Дәулетпен қол ұстасып, үлкен өмірге қадам басыпты. Бір жылдан соң Талдықорғандағы зоотехникалық-малдәрігерлік техникумның бухгалтерия бөлімін бітірген Базархан Айнақұлова

Көңіліңнің гүлі ешқашан солмасын,
Өткен күннің естелігі тозбасын.
Мамыражай маусым айы тамаша,
Жекеменшік мерекеніз болғасын.
Жан-дүниеңіз өлең сөзді, әнді ұғып,
Көп ішінде жүрген қандай паң күліп.
Көздің нұрын көркемдікке жұмсаған,
Ел назары сізге ауғаны заңдылық.
Қанағатты әдетке айналдыра білген
жан адамшылық жолдан таймайды.
Адамшылық жолдан таймағандар
ашкәзділікке салынбайды. Ашкәзділікке
салынбағандар бөгденің дүниесіне
сұқтанбайды. Біздің кейіпкерімізге, міне,
осындай қасиет тән.

**КСРО халық әртісі,
Мемлекеттік сыйлықтың
лауреаты Мұқан Төлебаевтың
есімі ұлттық
мәдениетіміздің тарихына
алтын әріппен жазылған.
Аса көрнекті композитор,
қазақ жазба музыкасының
негізгі қалаушыларының
бірі Мұқан Төлебаевтың
шығармалары өзіне
тән мазмұндылығымен,
көркемдік құндылығымен,
асқан шеберлік тілімен
классикалық маңызға ие
болып халқымыздың асыл
мұрасына айналды.
Өзінің қысқа
творчестволық өмірінде
(ол 23 жасында ғана музыка әлеміне келіп, 47 жасында дүние салды) Мұқан Төлебаев жұлдыздай жарқ етіп, сөнбес із қалдырып, туған елінің мақтаулы адал перзенті болып, халқының ризашылығына бөленді.**

Қазақ сазының сайыпқыраны

Осындай мол мұра қалдырған композиторымыздың қолы тиген құнды жәдігерлерінен музейде «Қазақ сазының сайыпқыраны» атты тақырыпта көрме ұйымдастырылды. Көрмеге Мұқан атамның отбасы қолданған тұрмыстық бұйымдар торсық, құмған, тостаған, ожау, астау және 1933 жылы «Үлгі» колхозына бухгалтер-есепші ретінде жұмыс жасаған кезде ұстаған сия-сауыт, шот, баста машинасы мен 1934 жылы композитор Бөрлітөбе ауданының орталығында ұйымдастырған көркемөнерпаздар ұжымы қолданған баян, қобыз, шіңкілдек, мандолина және домбыра сынды музыкалық аспаптар, 1951 жылы профессор Николай Яковлевич Мясковскийдің композициялық класының оқу орнын бітіріп, композитор кәсібін алғандығы жөніндегі дипломы, 1959 жылы Мұқан Төлебаев қазақ-кеңес өнеріне қосқан ерен еңбегі үшін КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының шешіміне сәйкес КСРО Халық әртісі атағын алғандағы құжаты, Абай атындағы Қазақ академиялық опера және балет театрында директорлық қызметін атқарғандағы қолданған телефонын, 1941 жылы Ұлы Отан соғысына арнап жазған шығармалары «Тос, мені тос», «Кестелі орамал», «Жеңіске» және 1945 жылы М.Төлебаев Е.Брусилковский және Л.Хамидимен бірігіп «Қазақ



КСР-нің Гимнін», 1946 жылы жарыққа шыққан керемет туынды «Біржан – Сара» операсы жарыққа шықты, 1949 жылы «Біржан-Сара» операсының творчестволық коллективі мен композитор Мұқан Төлебаев КСРО Мемлекеттік сыйлығын алды сол кезде келген телеграмм құттықтау хаттары, «Жайсаң жан», «Әуелеп ұшқан ән – ғұмыр», «Өмірдастан – әндастан» атты Мұқан атамның арналған кітаптарда көрермен назарына ұсынылды.

- деп кемеңгер Абай айтқандай, артына өлмес, өшпес музыкалық асыл мұра қалдырған Мұқан Төлебаевтың шығармашылық еңбектері еш уақытта ескірмейді және мәңгі жасай береді. Қазақ музыка әлемін бүкіл әлемге танытқан композитор Мұқан атамның өмірі мен шығармаларымен танысқысы келетін әрбір көрермендерді музейге шақырамыз.

**А.ЖҰМАБЕК,
Мұқан Төлебаевтың мемориалды музейінің экскурсия жетекшісі.**

Өлмейтұғын артына сөз қалдырған,

Ертегінің тәрбиелік мәні

Қазақ ертегілері атадан балаға мұра ретінде беріліп, ерте заманнан бастап бүгінгі күнге дейін даму, өсу, толығу, үстінде келе жатқан асыл мұра. Ертегілер халқымыздың тарихын, дүниетанымын, тұрмысы мен салтын, әдет-ғұрпын, наным мен сенімін білдіреді. Бала естігенін айтады, көргенін істейді-деп қазақ халқы бекер айтпаған. Естіген ертегі мазмұнын есте сақтап, әділдікке сену, біреуге жақсылық жасау, көмектесу сияқты қасиеттерге ие. Ертегі айту балалардың сөздік қорын байытуға, ауызекі сөйлеуге, ойлау қабілетін дамытуға ықпал еткен. Ертегі бала тәрбиесіндегі ажырамас элемент болып табылады, қиялын дамытып, баланы өз ережелері, заңдары, өз қарым-қатынасы бар таңғажайып әлеммен таныстырады. Бұл ертегіде бала үшін қолжетімді тілмен балаға қай жерде жақсылық, қайда зұлымдықты түсіндірудің тиімді жолы. Өйткені балалар ересек нотацияға қарағанда ертегі тілін елдеқайда оңай қабылдайды. Күнделікті жылы дауыспен айтқан ертегі баланың жан дүниесіне әсер етіп, ізгі қасиеттерін дамытып, ақыл-ойын жетілдіреді. Қазақ ертегілері өзінің тақырыптары, көтерген

мәселелері, мазмұнына байланысты жан-жануарлар туралы ертегілер, қиял-ғажайып ертегілері, тұрмыс-салт ертегілері, хикаялық ертегілер болып бөлінеді.

Осы қазақ ертегілерін оқыған әрбір бала ондағы жағымды кейіпкерлерге ұқсауға әрекет жасап, жағымсыз кейіпкерлердің мінез-құлқытарынан жиренеді. Жақсы қасиеттерді бойына сіңіре білген бала тәрбиелі, тәртіпті, елін, жерін сүйетін азамат болып өседі. Олар көбірек туған жерді қорғаған батырлар жайындағы ертегілерді тыңдағанды жақсы көретін болады.

Ертегі баланы дамытуға мүмкіндік беретін ең қолжетімді құралдардың бірі. Балалардың жас және психозмоционалдық ерекшеліктерін ескере отырып, дұрыс таңдалған ертегілер балалардың эмоционалдық жағдайына оң әсер етіп қана қоймай, сонымен қатар олардың мінез-құлқын түзете алады.



Қорыта келгенде осы қазақ халық ертегілері жас ұрпақты тәрбиелеумен қатар, олардың бойына өз халқының игілігін дарытып, ана тілінде ойлау, мәдениетті сөйлеуіне және жамандықтан, өтіріктен, зұлымдықтан аулақ болуға

тәрбиелейді. Әрқашан татулық, бірлік, ынтымақ жеңетінін көрсетеді.

Өзгерсин СЕМЕЙ,
Сарқан қаласының облыстық
№3 арнайы мектеп-интернаты КММ
тәрбиешісі.

Сіздерге айтар алғысым шексіз

Балабақша – барлық тәрбиенің бастамасы. Балаға бағыт-бағдар, тәлім-тәрбие беретін, баланың болашақта тұлға болып қалыптасуына отбасынан кейін ықпал ететін екінші орта.

Ауданымыздың осындай атаулы мекемелерінің бірі – «Балдырған» бөбекжай бақшасы. Бұл балабақшада әр балаға жеке көңіл бөлініп, әр баланың дамуына балабақша ұжымының әр ұстазы мен қызметкері өзінің үлесін қосып келеді. «Балдырған» бөбекжай бақшасының жалпы тәртіпке деген талапшылдығы, ерекше күн тәртібі мен дұрыс тамақтану режимі, балалардың әр бағыттағы оқу үрдістері, жан-жақты даму барысындағы үздіксіз өткізіліп отыратын іс-шаралары мен ертеңгіліктері барлық ата-ананың көзін де көңілін де толтырады! Бұл бала-бақшаның тағы да бір айта кетер ерекшелігі, ата-аналармен үздіксіз тығыз қарым-қатынаста болулары, яғни ата-аналарға арналған ашық есік күндері ұйымдастырылады, әр түрлі спорттық жарыстар ата-аналармен бірге өткізіліп, танымдық-тәрбиелік мәнге толы тренинг іспеттес ата-аналар жиналыстары да жиі өткізіледі.



тұрады. Осы кісілердің жанында жүріп қызғалдағым басқа қырларынан ашыла бастады. Қызымның әр нәрсеге де алғырлығын байқаған ұстаздары осымен бірнеше мәрте әр түрлі сайыстарға қатыстыртып бақ сынаған болатын. Айта кетсем, балабақша ішілік өлеңді жатқа мәнерлеп оқу сайысынан 1-орын, Республикалық сурет салу байқауынан 1-орын, «Мен ғарышкер боламын» атты сайысқа қатысып жақсы өнер көрсеткені үшін марапатталып, сонымен қатар басқа да әр түрлі тақырыптағы топтық ертеңгіліктерде, топтық балабақша ішілік спорттық сайыстар мен іс-шараларда белсенділік танытып, әрқашан сайыстардан «Балапан» тобымыз 1-орынды иеленіп келеді. Оның барлығы қос ұстазымыздың тынбастан жасап келе жатқан еңбектері, балаға деген сенімділіктері. Қай жерде болмасын қызым ұстаздарын аузынан тастамайды, әрдайым сол кісілердің ізгіліктерін айтып, үйреткен игі істерін бізбен бөлісіп отырады. Бір емес бірнеше бала үшін жауапкершілік алып, олардың ерқайсысына көздерінің қарашығындай қарайды. Кішкентай ғана бүлдіршіннің жүрегіне жол табу оңай іс емес, оның түбінде қашан да терең еңбек, мол тәжірибе, жоғары кәсібилілік, сарқылмас мейірім жатады. «Ұстазы мықтының – ұстамы мықты» дегендей, қызымның ұстамының мықты екендігіне еш күмәнім жоқ!

Кішкентай балапандарымыздың жан-жақты дамуына, өскелең ұрпақ тәрбиелеуде, өрелі жұмыстарыңыз бен өлшеусіз еңбектеріңіз үшін алғысымызды білдіреміз. Әрқашан еңбектеріңіздің жемісін көріп, шәкірттеріңіздің алғысына бөленіп жүре беріңіздер! Сіздерге айтар алғысымыз шексіз!

Ізгі ниет білдіруші «Балапан» тобының тәрбиеленушісі Пекер Михримахтың ата-анасы.

Школа начинается с директора

Её утро начинается с обхода её владений «Вот тут бы дверь заменить, сюда бы доску новую установить, как дела в столовой?, всё ли успели приготовить к приходу детей?». Примерно такие мысли в голове нашей героини Калдыбаевой Майры Орынғалиевны. Директор нашей сельской Тополёвской, новой трёхэтажной школы.

Она и строгая мама для учеников и завхоз для технического персонала, и лидер для коллег и капитан большого корабля под названием Школа. Обаяние, живость и простота – её отличительные особенности, умение общаться, дружелюбие вызывают искреннее уважение у тех, с кем ей пришлось работать.

Она прекрасный организатор. Знание психологии людей помогает ей увлечь педагогический коллектив общим делом. При этом старается, чтобы лучшие традиции школы сохранились. Общение с таким директором учит многому. Майра Орынғалиевна щедро делится своими идеями, помогает учителям стать настоящими педагогами, мудрыми, терпеливыми в своей профессии.

Уважаемая Майра Орынғалиевна поздравляю Вас и весь Ваш коллектив с весенними праздниками и спешу пожелать Вам, оставаться таким же справедливым, ответственным руководителем. Успехов Вам во всех начинаниях, крепчайшего здоровья и семейного благополучия.

Наша школа под вашим руководством пусть славится высокими показателями, желаю успеваемости учеников и творческих учителей.

С. ЕФАНОВА,
с. Тополёвка.

Музей

ТАРИХИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ОРДАСЫ

М.Төлебаевтың мемориалды музейінде 18 мамыр – Халықаралық музейлер күніне орай бірталай мәдени шаралар ұйымдастырылып өткізілді. Аталмыш мерекені музейде өткізу 2014 жылы бастау алған болатын. Сол кезден бастап бұл мерекеге орай жыл сайын ашық есік күнін ұйымдастыру дәстүрге айналды.



Музей қызметкерлері жиынға шақырылған қонақтарды қарсы алып, бүгінгі мерекенің мақсат-міндеттерімен, оның барысында тамашаланатын көріністердің барысымен таныстырды.

Мерекеге жиналған қауым назарына композитор М. Төлебаевтың Ұлы Отан соғысы жылдары шыққан туындыларының негізінде ұйымдастырылған «Ұрпаққа ұран болған ұлы ерлік» атты көрме мен «Кестелі орамал» атты композитордың өмірі мен шығармашылығы жайлы тақырыптық экскурсия ұсынылды.

«Музейдегі түн – 2024» атты шараға келушілерге музей залдарына тегін кіріп, экскурсиялар тыңдауына мүмкіндік берілді. Осы шараға орай «Музей – тарихи құндылықтар ордасы» атты көрме қойылды. Көрме өңірімізде дүниеге келген атақты әнші, Қазақстанның халық әртісі Сара Тыныштығұлова мен актер Кәдірбек Демесінов жайлы музей қорына жиналған экспонаттар негізінде ұйымдастырылды.

Шара түнгі сағат 24:00-ге дейін созылып, мерекені тамашалаған ауыл жұртшылығы ризашылықтарын білдіріп, көңілді тарады.

Кез-келген елде музей - мемлекеттің айнасы. Музей арқылы сол елдің тарихы, мәдениеті туралы танымдық түсінік қалыптасады деген ойдамыз...

С.ДЖАПАРОВ
М.Төлебаевтың мемориалды музейінің қор сақтаушысы.

Әдептілік - мемлекеттік қызметтің ұстанымы

Мемлекеттік қызметшінің әдебі өте маңызды ұғым. Өйткені мемлекеттік қызметшінің тәртібі мен өзін өзі ұстауына, кәсіби біліктілігіне, халықпен қарым қатынасына қарай халықтың тұтас мемлекетке деген көзқарасы қалыптасады.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет жүйесі қалыптасқаннан бері мемлекеттік қызметшілердің кәсібилігімен қатар, олардың әдептілігі маңызды, себебі әдептілік мемлекеттік қызметтің басты ұстанымдарының бірі болып табылады.

Қоғамның мемлекеттік органдарға деген сенім деңгейін арттырып, халықпен кері байланысты жақсарту, адамға бағдарланған мемлекеттік басқарудың жаңа моделін қалыптастыру бағытында жұмыстар тоқтаусыз жалғасын табуда.

Мемлекеттік қызметкерлер әрқаз қызмет көрсетудің жоғары стандарттарына сәйкес болуға, адалдық, ашықтық және әділдік қағидаттарын басшылыққа ала отырып, қызметтерді кәсіби көрсете білуі тиіс. Сонымен қатар мемлекеттік қызметшілердің мінез-құлық мәдениеті мен кәсібилігі туралы қоғамда оң пікірді қалыптастыруға тырысуы керек. «Бір құмалақ бір қарын майды шірітеді» дегендей, бірлі жарым адамның өрескел әрекеті тұтас мемлекеттік қызметкерлерге күйе болып жағылмауы қажет.

Мемлекет басшысы мемлекеттік қызметкерлерді ең алдымен халықтың үнін естуге, көпшіліктің үніне құлақ асуға шақыруда. «Еститін Үкімет тұжырымдамасының» да басты қағидасы осы. Яғни мемлекеттік қызметкерсің бе, онда ең алдымен халық үніне құлақ ас деген қағидаға келіп тіреледі. Яғни мемлекеттік қызметкердің басты міндеті халыққа адал қызмет ету болып табылады. Сондықтан мемлекеттік қызметкерлер кәсіби міндетіне адал болуы шарт.

Мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексінің басты міндеттерінің бірі — қызметкердің мінез-құлқының және өзге адамдармен қарым-қатынасының оңды болуын қамтамасыз ету, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және қызметтік әдеп нормаларын бұзушылықтардың, оның ішінде мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтарды болдырмаудың алдын-алу жұмыстан тыс кезде заң бұзушылықтарға жол бермеу болып саналады.

Жұмыстан тыс уақытта мемлекеттік қызметшіге беделін түсіретін және қоғам тарапынан сын мен айыптау тудыратын жағдаяттардан қашақтау қажет. Жол қозғалысы ережесін бұзу, алкогольді мас күйде автомобиль басқару, сондай-ақ жол полициясы қызметкерлеріне бағынбау өрескел әдеп бұзушылық болып табылады.

Мемлекеттік қызметші азаматтармен және әріптестермен қарым қатынас жасау кезінде сыпайылық және әдептілік танытып, мемлекеттік қызметте өз ара қарым-қатынастың жоғары болуына атсалысуы керек. Жалпы мемлекетке деген құрмет мемлекеттік қызметші арқылы қалыптасатынын әрқаз ұмытпағанымыз жөн.

Д.ЖАРДАНБЕК,

«Амангелді» БПҰ мүшесі, Амангелді ауылдық округі әкімі аппаратының жетекші маманы.

Респонденттерге қатысты мемлекеттік бақылау жүргізу тәртібіне өзгерістер енгізілді

2024 жылғы 6 сәуірдегі «Бизнесті жүргізу мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңы аясында «Мемлекеттік статистика туралы» ҚР Заңының 12-2-бабына өзгерістер енгізілді.

Енді респонденттердің бастапқы статистикалық деректерді ұсыну кестесінде көрсетілген мерзім ішінде есеп уақтылы тапсырылмаса, профилактикалық бақылаусыз-ақ, респонденттер айыппұл түріндегі әкімшілік жауапкершілікке бірден тартылатын болады.

Сондай-ақ бастапқы статистикалық деректердің дәйексіздігі анықталған жағдайда, респонденттерге статистикалық нысандарға түзетулер енгізу қажеттілігі туралы хабарлама жіберіледі. Түзетулер енгізу статистикалық нысанды қайта ұсыну немесе деректердің дұрыстығын растау бойынша қосымша ақпарат беру арқылы бір жұмыс күні ішінде (бұған дейін екі күн берілген) жасалуы тиіс.

Респонденттердің бастапқы статистикалық деректерді бұрыс ұсынғанын көрсететін дәлел жеткілікті болған кезде әкімшілік құқық бұзушылық бойынша іс қозғалады.

«Бұл шаралар бастапқы статистикалық деректердің дәлдігі мен дұрыстығын қамтамасыз етуге бағытталған, бұл – мемлекеттік статистиканың тиімді жұмыс істеуінің маңызды аспектісінің бірі», – дейді Ұлттық статистика бюросының басшысы Мақсат Тұрлыбаев.

Аталған өзгерістер БАҚ беттерінде жарияланған күннен 60 күн өткен соң (2024 жылғы 8 маусымнан бастап) күшіне енетінін ескертеміз.

Біз барлық респондентті статистикалық есептерді белгіленген мерзім ішінде тапсыруға және себеп-салдарын алдын алу үшін сенімді деректерді ұсынуға шақырамыз.

Внесены изменения в порядок осуществления госконтроля в отношении респондентов

В рамках Закона РК «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты по вопросам ведения бизнеса» от 6 апреля 2024 года внесены изменения в статью 12-2 Закона РК «О государственной статистике».

Теперь при выявлении непредставления респондентами первичных статистических данных в сроки, указанные в графике представления респондентами первичных статистических данных, респонденты будут сразу привлекаться к административной ответственности в виде штрафа без проведения профилактического контроля.

Также стоит отметить, что при обнаружении недостоверных первичных статистических данных, респондентам будет отправлено извещение о необходимости внесения исправлений в статистические формы. Внесение корректировок может быть сделано путем повторного представления статистической формы или представления дополнительной информации для подтверждения достоверности данных в течение одного рабочего дня (ранее представлялось два дня).

При наличии достаточных оснований указывающих на представление респондентами недостоверных первичных статистических данных, будет возбуждено производство по делу об административном правонарушении.

«Эти меры направлены на обеспечение точности и достоверности первичных статистических данных, что является важным аспектом для эффективного функционирования государственной статистики», – говорит руководитель Бюро национальной статистики Мақсат Турлубаев.

Отметим, что данные изменения вступят в силу через 60 дней после дня его первого опубликования (с 8 июня 2024 года).

Мы призываем всех респондентов соблюдать установленные сроки и представлять достоверные данные во избежание последствий.

Ж.ЕЛЮБАЕВА,

Сарқан ауданының статистика бөлімінің жетекші маманы.

•Көпшілік назарына

Жалпыға Ортақ Декларацияның III кезеңі

2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап Жалпы декларацияның үшінші кезеңі басталды – басшылар, құрылтайшылар, заңды тұлғалар, жеке кәсіпкерлер және олардың жұбайлары үшін.

Жалпыға бірдей декларацияны енгізудің мақсаты: - келеңкелі экономикаға және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес; - мемлекеттің қаржылық тұрақтылығын нығайтуға және әлеуметтік бағдарламаларды әзірлеуге көмектесетін салықтар мен басқа да міндетті төлемдерді жинаудың тиімділігін арттыру; - қаржы жүйесінің ашықтығын арттыру (инвесторлардың сенімі) - халықтың салық мәдениетін дамыту.

Декларацияның басталуы: 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап.

Декларацияны тапсырудың соңғы мерзімі 2024 жылдың 15 қыркүйегінен кешіктірмей.

Қатысушылар: заңды тұлғалардың басшылары, құрылтайшылары (қатысушылары), жеке кәсіпкерлер, оның ішінде қызметін тоқтатқандар және олардың жұбайлары.

«Енгізілген декларация (250.00-нысан):» Жалпы декларация жүйесіне кіру кезінде 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ақпаратты көрсететін бастапқы «Жеке тұлғаның активтері мен міндеттемелері туралы декларацияны» (250.00-нысан) ұсыну қажет.

Кейінгі декларация: болашақта жыл сайын, 2025 жылдан бастап 270.00 нысанында «Жеке тұлғаның кірістері мен мүлкі туралы декларацияны» тапсыру қажет болады.

Декларация тұрғылықты жері бойынша беріледі.

Декларацияда көрсетілген мәліметтер (250.00-нысан): 1. Қолма-қол ақша туралы мәліметтер – АЕК 10 000 еселенген шектен аспайтын мөлшерде. 2. Қазақстаннан тыс жерде есепке алынуға

жататын мүлік, оның ішінде жылжымайтын мүлік (жер учаскесі, ғимарат, үй, гараж, саяжай, коммерциялық ғимарат, ғимараттың бір бөлігі, пәтер, кеңсе, жабық автотұрақтағы тұрақ, құрылыс), сондай-ақ ұшақтар мен кемелер, басқа көлік құралдары (автомобиль, мотоцикл, жүк көлігі және т.б.). 3. Қазақстаннан тысқары жерде орналасқан шетел банкілеріндегі банктік шоттардағы, барлық банктік депозиттер бойынша барлығы 1000 еселенген АЕК-тен асатын ақша. 4. Басқа да активтер мен мүлкілік құқықтар:

Қазақстаннан тыс жерде құрылған заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесі; - жылжымайтын мүліктің құрылысына үлестік қатысу, оның ішінде Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде; - инвестициялық алтын; - бағалы қағаздар, туынды қаржы құралдары, пайлық инвестициялық қорлардағы пайлар; - зияткерлік меншік объектілері, авторлық құқықтар, оның ішінде Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде; нотариалды куәландырылған шарт (түбіртек) болған кезде дебиторлық/кредиторлық берешек (банкермен және Қазақстан Республикасындағы банк қызметін жүзеге асыратын ұйымдармен жасалған шарттарды қоспағанда); - сенімгерлік басқаруға берілген мүлік; - құны 1000 еселенген АЕК-тен асатын өзге де мүлік, оның ішінде Қазақстан Республикасынан тысқары жерде.

Декларацияны беру әдістері: мобильді қосымшалар e-Salyk Azamat, eGov mobile, Halyk; eGOV, moldir.qoldau.kz веб-порталдары; cabinet.salyk.kz сайтындағы салық төлеуші кеңсесі.

И.МАГАМБЕТОВА,

Сарқан ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының салықтөлеушілермен жұмыс бөлімінің бас маманы.

Фитосанитариялық есепке алу нысандарын ұсыну тәртібі

Фитосанитариялық нормативтерді, фитосанитариялық есепке алу нысандарын, сондай-ақ оларды ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2023 жылғы 20 наурыздағы № 106 бұйрығы.

1. Фитосанитариялық есепке алу субъектілері фитосанитариялық есепке алу жүргізеді және фитосанитариялық есептілікті пестицидтерді, биоагенттерді өндіру, өткізу, қолдану, қызмет көрсету, қозғалыс, сақтау, залалсыздандыру, фитосанитариялық мониторинг жүргізу орны бойынша Комитеттің аудандық аумақтық бөлімшелеріне (бұдан әрі – аудандық инспекция) ұсынады.

2. Фитосанитариялық есепке алу нысандарын фитосанитариялық есепке алу субъектілері аудандық инспекцияға есептердің мынадай түрлері бойынша және мерзімдерде ұсынады:

1) пестицидтерді, биоагенттерді өндіру және (немесе) өткізу туралы (ФУ-1) есепті пестицидтерді, биопрепараттарды өндіруді (формуляциялауды), сатып алуды және өткізуді, энтомофагтарды өсіруді және өткізуді жүзеге асыратын фитосанитариялық есепке алу субъектілері жылына екі рет, бір рет 10 шілдеге дейін және бір рет 10 қаңтарға дейін;

2) пестицидтердің, биоагенттердің қозғалысы туралы (ФУ-2) есепті жылына екі рет, 10 шілдеге дейін бір рет, 10 қаңтарына дейін бір рет;

3) пестицидтерді, биоагенттерді сақтау туралы (ФУ-3) есепті жыл сайын 10 қаңтарына дейін;

4) химиялық өңдеулер жүргізу туралы есепті меншікті өсімдік шаруашылығы өнімін өндіру үшін пестицидтерді, биоагенттерді қолдануды жүзеге асыратын фитосанитариялық (ФУ-4) есепке алу субъектілері ай сайын, наурыздан қыркүйекке дейін, есеп беруден кейінгі әр айдың 5-іне дейін;

5) тыйым салынған және жарамсыз пестицидтерді және олардың ыдыстары, сондай-ақ пайдаланылған пестицидтердің ыдыстарын зарарсыздандыру туралы есепті тыйым салынған және жарамсыз пестицидтерді және олардың ыдыстары, сондай-ақ пайдаланылған пестицидтердің ыдыстарын зарарсыздандыруды жүзеге асыратын фитосанитариялық (ФУ-5) есепке алу субъектілері жыл сайын, 10 қаңтарға дейін;

Аталған талаптар орындалмаған жағдайда Қазақстан Республикасының Әкімшілік Құқық бұзушылық Кодексінің 403 бабына сәйкес жауапқа тартылады.

Р.БОКУШБАЕВ,

өсімдіктерді қорғау және карантин жөніндегі мемлекеттік инспекторы.

4 маусым - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері күні

Менің Қазақстаным

Жомарт ИГИМАН

Елімді ойлап жырымдалды жүрегім,
Кеше ғана мен кім едім, кім едім?

Бәрі мінез айбарым да жығылды,
Бодан болған итке берсін күнімді.

Жоғалттым мен сипатымды, сынымды,
Бар байлығым-ұлттық құндылығымды.

Рухымның қалай бауыздалғанын,
Көрдім, көндім... аласарды арманым.

Тектілікті, асаулықты ұмыттым,
Күштілердің алдында сан құмықтым.

Бәрін көріп апат, опат, кесірдің,
Тілді тістеп, үнімді мен өшірдім.

Айдалдым да, атылдым да, кесілдім,
Қазақ болып туғаным өкінімді.

Сүйретіліп шылбырына тағдырдың,
Әлім құрып, айбатымды алдырдым.

Келді еркіндік, өшкенімді жандырдым,
Ез күдікті енді артымда қалдырдым.

Рахман нұрын сепсін елге тәңірім,
Тәуелсізбін, төрткіл дүние таныды.

Енді ғана кіріп қалды іреңім,
Ел болудың таптық, міне, шын емін.

Тұмшалаған тұман-бұлт сырылып,
Қадам бастым жақсы үмітке жылынып.

Сенім отын жүректерге жағайын,
Пендең емес, перзентің боп қалайын.

Уақыттың сезінді елім тынысын,
Бағым жанып, тасқындады ырысым.



Өсіп-өніп, өркендейтін тұстамын,
Тағдырымды сомдап жатқан ұстамын.

Елтаңбада елдік мұрат көрініп,
Шаңырағым шаттықтан тұр керіліп.

- Дархан халқым, тәуелсіздік таңы атты,
Деп тіл қатар тұлпарларым қанатты.

Аспан түстес Туым неткен шырайлы,
Қыран өзін қияларда сынады.

Күн күледі шұғыласын шашқанда,
Түйір бұлт жоқ арайланған аспанда.

Көк байрақты қолға берік ұстадым,
Әнұраным – «Менің Қазақстаным».

Рух сыйлады Әнұраным жалынды,
Ұштасуда ұлтыма тән бар үлгі.

Лағыл жырым тарту болсын, ағайын,
Иірімі мол сөзден сарай салайын.

Қиял құсы құйқылжысын көгімде,
Ақын қылып жаратқаның тегін бе?!

Кенде емеспін пікірлестен, достарым,
Үндес жанға сыр сандығын ашқаным.

Намысты еліміз арын жастан сақтаған,
Қазақиям, өзіңменен мақтанам.

Сен туған күн, мерекеңмен!

Көкөзек ауылының тұрғыны, әр жылдары ауылдағы білім шаңырағында түрлі лауазымдарда жемісті еңбек еткен, аудандық мәслихаттың депутаты болған, мектеп директорының міндетін атқарушы **Омаров Амангелді Ашербекұлын** маусым айының 1-інші жұлдызы күнгі туған күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Тынымсыз еңбек етіп, нақты істер атқарып жүрген өзіңдей білікті мамандарымыздың қатары көбейе берсін дей отырып, осы айтулы сәтте сізге ақ көңілден ақтарылған ізгі ниетімізді жолдаймыз. Өріптестеріңіз сізді ақылды басшы, іскер ұйымдастырушы, жарқын бастамалардың қолдаушысы ретінде ерекше бағалап, құрмет тұтады.

Бүгінгідей мерейлі сәтте сізге ақ ниетпен мықты денсаулық, қажымас күш-қайрат, ортаймас несібе-дәулет тілейміз. Еңбекте толағай табыстарға, мақсатта биік шыңдарға жете беріңіз, абырой-беделіңізбен, табыс-тартуларыңыз арта берсін. Әрдайым отбасыңыз аман, жүзіңіз жарқын, мерейіңіз үстем болсын!

Ізгі ниетпен: Көкөзек орта мектебінің ұжымы.



Аудан тұрғындарының назарына!

«Сарқан су құбыры» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны Ұлттық Экономика Министрлігі табиғи монополияларды реттеу комитетінің Жетісу облысы бойынша Департаменті Республикалық мемлекеттік мекемесі 2024 жылдың 25 мамыр айындағы №36-НҚ бұйрығы бойынша 2024-2027 жылдарға арналған су таратушы желілер арқылы су беру қызметіне тариф бағасы

Сарқан қаласы, Алмалы, Қойлық, Бақалы, Тасқұдық, Қарауылтөбе ауылдық округтері бойынша

№	тұтынушылар тобы	Тариф бағасы, тенге м ³ ҚҚС есебінен (без НДС)			
		2024 ж.	2025 ж.	2026 ж.	2027 ж.
1	жеке тұрға (население)	107,00	110,21	113,52	116,93
2	бюджеттік мекемелер (бюджет организации)	432,72	447,31	458,03	476,62
3	басқада тұтынушылар (прочие потребители)	234,00	241,02	248,25	255,70

«Сарқан су құбыры» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны Ұлттық Экономика Министрлігі табиғи монополияларды реттеу комитетінің Жетісу облысы бойынша Департаменті Республикалық мемлекеттік мекемесі 2024 жылдың 29 мамыр айындағы №____-НҚ бұйрығы бойынша 2024-2028 жылдарға арналған су таратушы желілер арқылы су беру қызметіне тариф бағасы

Абай, Черкасск, Қарғалы, Ешкөлмес, Аққайың, Ақтұма, Шатырбай, Қарабөгет, Еркін, Бірлік, Пограничник, Көкөзек, Екіаша, Тополевка, Аманбектер, Көктерек, Лепсі, Көкжиде, М.Төлебаев, Шұбартүбек, Үлгі ауылдық округтері бойынша

№	тұтынушылар тобы	тариф бағасы, тенге м ³ ҚҚС есебінен (без НДС)				
		2024 ж.	2025 ж.	2026 ж.	2027 ж.	2028 ж.
1	жеке тұрға (население)	135,00	139,05	143,22	147,52	151,95
2	бюджеттік мекемелер (бюджет организации)	419,48	451,90	465,59	479,68	494,19
3	басқада тұтынушылар (прочие потребители)	250,00	257,50	265,23	273,19	281,39

Хабарландыру/Объявление

► **Умбетеев Жексенбек Танирбергеновичтің** атына ҚР ИІМ-нен 01.07.2021 жылы 048721581 нөмірімен тіркелген жеке куәлік жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

► **Абдрахманова Нурша Калиевнаның** атына тіркелген Сарқан ауданы, Бақалы ауылы аумағында орналасқан 500 га көлемді жайылымдық жердің (кадастрлық нөмірі 03-263-007-303) уақытша (ұзақ мерзімге, қысқа мерзімге) өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беретін мемлекеттік тіркеу актісі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Соғысқа соңғы қоңырау

25 мамыр ауданның білім ошақтарында соғыс қоңырау соғылып, оқушылардың мектеппен қоштасып, түлектердің жаңа өмірге қанат қағып, қадам басатын аяулы әрі қимас шақтары. Білімнің ордасы, жылылықтың мекеніне айналған мектеппен қош айтысар түлектердің жадында мәңгі жатталатын шақ. Дәл осы күні жүректері дүрсілдеген жеткіншектер қияға қанат қағады. Сол себепті оқушылар үшін соғыс қоңырау рәсімінің маңызы айрықша.



«Тарыдай болып кіріп, таудай болып шыққан» шәкірт үшін мектеппен қоштасу – қимастық сезімге толы ең бір албырт шақ. Мектеп бітіруші түлектер дәстүрлі соғыс қоңырау соғылғаннан кейін мектеп бітіру кешін асыға күтетіні бар.

Жуырда аудан әкімінің орынбасары Алмас Байғұнысов сапалы білім беруде жақсы көрсеткіштермен саналы шәкірттерді тәрбиелеуде озық білім ордаларының қатарындағы Абай атындағы мектеп-гимназиясы мен Ақын Сара атындағы орта мектептерінде болып, мерекелік шараға қатысты. Барша ұстаздар қауымын кезекті оқу жылының аяқталуымен құттықтап, мектеп бітіруші жас түлектерге ақ жол тіледі.

«Қымбатты ұстаздар! Құрметті мектеп түлектері! Қадірлі ата – аналар! Баршаңызды оқу жылының аяқталуымен, ал жас түлектерді алтын ұя – мектебімен қоштасу сәттеріңізбен шын жүректен құттықтаймын. Жаңа Қазақстанның жарқын болашағы, егемен еліміздің келешектегі келбеті – өздеріңіз. Бүгінгі білікті ұстаздардың алдынан өткен сіздер – ертеңгі күні өз ісінің кәсіби маманы, ғылымды еңсерген ғалым, елге қызмет ететін белгілі басшы да бола аласыздар. Өмірдің сан тарау жолдарынан іркілмей өту жолында қанаттарыңыз талмасын. Отанымыздың түкпір-түкпірінде саялы Сарқан өңірінің атын тек қана баянды істеріңізбен, терең білімдеріңізбен шығара беріңіздер»,- деді аудан әкімінің орынбасары Алмас Ажарханұлы.

Биыл аудандағы 26 білім ордасының 382 түлегі үшін соғыс қоңырау соғылды. Олардың арасында: «Алтын белгі» иегеріне үміткер – 36, «Ерекше үлгідегі аттестат» – 47 оқушы бар.

«Ұлттық болашағы - ұрпағында, ұрпақтың тәрбиесі – ұстаз қолында» дегендей ең алдымен бұл, он бір жыл бойы білім беріп, тәрбиелеген ұстаздардың ерен еңбегі екені айқын.

Жақсылық ЖОМАРТҰЛЫ.